

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне өтеусіз көмек ретінде техникалық жәрдем көрсету туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 ақпандағы № 29 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2014 жылғы 22 қыркүйекте Бейжің қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне өтеусіз көмек ретінде техникалық жәрдем көрсету туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне өтеусіз көмек ретінде техникалық жәрдем көрсету туралы келісім

(2015 жылғы 15 мамырда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2015 ж., № 4, 38-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі, екі мемлекет арасындағы достық қарым-қатынастарды одан әрі дамыту және олардың қарулы күштері арасындағы әскери ынтымақтастықты нығайту мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қытай тарапы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін жарақтандыруда техникалық жәрдем көрсету ретінде осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшаға сәйкес өтеусіз негізде жалпы сомасы 20 миллион юань болатын 30 дана «Цзефан» ершікті тартқышын және 30 дана ауыр жүк таситын тралды (бұдан әрі - мүлік) Қазақстан тарапына береді.

2-бап

Қытай тарапы мүлікті Алашоныкоу шекара пунктіне жеткізеді, онда Тараптардың уәкілетті өкілдері арасында тиісті актіге қол қоюмен оны қабылдау-беру жүзеге асырылатын болады.

Алашоныкоу шекара пунктіне дейін мүлікті жеткізумен байланысты барлық шығыстарды Қытай тарапы көтереді, ал одан кейінгі шығыстар Қазақстан тарапының есебінен болады.

3-бап

Қазақстан тарапы Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Кеден Одағының кедендік заңнамасына сәйкес кедендік баждар мен импорт бойынша қосымша құн салықтарын төлеуден босатылатын осы Келісім шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін мүлікті лицензиялау және кедендік декларациялау рәсімдерін өткізуді жүзеге асырады.

4-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар:
Қазақстан тарапынан: Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;
Қытай тарапынан: Қытай Халық Республикасы Қорғаныс министрлігі.

5-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша жекелеген хаттамалармен ресімделетін және оның ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6-бап

Осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану бойынша даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер немесе консультациялар арқылы шешеді.

7-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді және осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген мүлікті қабылдап алу-беру актісіне қол қойылған күнінен бастап өз қолданысын тоқтатады.

2014 жылғы 22 қыркүйекте Бейжің қаласында әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін Қытай Халық Республикасының Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
 Қытай Халық Республикасының Үкіметі
 арасындағы Қазақстан Республикасының
 Қарулы Күштеріне өтеусіз көмек ретінде
 техникалық жәрдем көрсету туралы келісімге
 қосымша

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне өтеусіз көмек ретінде берілетін мүлік тізбесі

Р/с №	Мүлік атауы	Қуаты	Сипаттамалары	Саны
1.	Ершікті тартқыштар	350-400 к/к	Жүк көтергіштігі - 60 тонна	10 дана
2.	Цзефан (FAW) ауыр жүк таситын жартылай тіркеме трал		Жұмыс платформасының ұзындығы - 10 метр, ені - 3,3 метр. Тралдың жалпы ұзындығы - 14,5 метр.	10 дана
3.	Ершікті тартқыштар	350-400 к/к	Жүк көтергіштігі - 40 тонна	20 дана
4.	Цзефан (FAW) ауыр жүк таситын жартылай тіркеме трал		Жұмыс платформасының ұзындығы - 12,5 метр, ені - 3,2 метр. Тралдың жалпы ұзындығы - 16,9 метр.	20 дана